

«ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ



БЕКІТІЛГЕН
«Тұран-Астана» университеті
Академиялық Кеңестің шешімімен
« 26 » 10 2022 ж. № 3 хаттама

КЕШЕНДІК ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

6B04104 – «Қаржы» білім беру бағдарламасы

Бағдарлама «Тұран-Астана» университеті «Бизнес және әкімшік» кафедрасымен құрастырылған

Бағдарлама «Бизнес және әкімшік» кафедрасының отырысында талқыланған

« 16 » 10 2022 ж. № 3 хаттама

«Бизнес және әкімшілік» кафедрасының меңгерушісі

 Бекбусинова Г.К.

1. Кешендік емтиханның мақсаты

6B04104 – «Қаржы» ББ бойынша ұсынылған кешендік емтихан бағдарламасы 2018 жылғы 31 қазандағы БЖҒМ №604 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (өзгерістер мен қосымшаларға сәйкес), «Тұран-Астана» университетінің Академиялық саясатына негізделген (өзгерістер мен қосымшаларға сәйкес).

Кешендік емтихандардың мақсаты – түлектердің дайындау деңгейінің МЖМББС-ға сәйкестігін анықтау болып табылады. Емтихан өткізу барысында түлектердің 6B04104 – «Қаржы» ББ мен бизнес және басқару бакалавры дәрежесіне түлектің теориялық білімі де, тәжірибелік дағдысы да тексеріледі.

2. Кешенді емтиханды өткізудің реті (регламент)

Қорытынды аттестация бір кешендік емтихан түрінде өткізіледі келесі пән де бойынша;

- Ақша, несие, банктер;
- Корпоративтік қаржы;
- Салық жүйесі және саясат;
- Банк ісі.

Қорытынды аттестация академиялық күнтізбеге сай өткізіледі. Емтиханға оқытудың толық курсы аяқтаған (кемі 240 кредитті игерген) және оқу жоспарымен қарастырылған алдын-ала өткізілген аттестациялық сынақтан табысты өткен тұлғалар жіберіледі.

Кешендік емтиханды қабылдауды аттестаттау комиссиясы (АК) жүзеге асырады. АК төрағасы және комиссияның жеке құрамы «Тұран-Астана» университет ректорымен бекітіледі.

Кешендік емтиханның бағдарламасы, студенттердің назарларына, емтиханның алдын ала болжамдалынған күніне дейін бір айдан кеш емес уақытта жеткізіледі.

АК студенттің жауаптарын талқылауды және қорытынды бағалауды баллдық-рейтингтік мәнде анықтай отырып, жабық отырыста өткізеді (кесте).

Мамандық бойынша екі кешенді емтиханның нәтижелерін АК жабық отырысы жабылған соң бірден студенттің назарына жеткізіледі. Кешендік емтиханда «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған студентте осы оқу жылында емтиханды қайта тапсыру құқығы болмайды.

3. Студенттердің білімдерін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері

| № | Әріптік жүйедегі баға | Баллардың цифрлық эквиваленті | %-тік құрауы | Дәстүрлік жүйе бойынша баға | Бағалаудың критерийлерінің көрсеткіштері |
|---|-----------------------|-------------------------------|--------------|-----------------------------|--|
| 1 | A | 4,0 | 95-100 | өте жақсы | 1. Материалды осы заманғы теорияны ескере отырып толық, дұрыс баяндайды; 2. Қосымша білімдерін көрсетеді; 3. Теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстырады; 4. Терминологияны еркін меңгерген; 5. Себептік-салдарлық байланыстарды орната алады; 6. Болжау жасай алады; 7. Қосымша сұраққа сенімді жауап береді. |
| 2 | A- | 3,67 | 90-94 | өте жақсы | 1. Материалды осы заманғы теорияны ескере отырып дұрыс баяндайды; 2. Толық жауап береді, өздігімен тұжырымдар мен қорытынды жасайды; 3. Терминологияны жақсы меңгерген; 4. Себептік-салдарлық байланыстарды қондыра алады; 5. Қосымша сұраққа толық жауап береді. |
| 3 | B+ | 3,33 | 85-89 | жақсы | 1. Материалды жақсы баяндайды; 2. Толық жауап береді, өздігімен тұжырымдар мен қорытынды жасайды; 3. Терминологияны меңгерген; 4. Қисыннан қиыстыруға ие; 5. Қосымша сұрақтарға жауап береді. |

| | | | | | |
|----|----|------|-------|--------------------|--|
| 4 | B | 3,0 | 80-84 | канағаттанарлық | <ol style="list-style-type: none"> Негізгі материалды біледі; Мысалдарды негізді келтіреді; Қорытынды мен тұжырымдар жасайды; Терминологияда, баяндауды қисыннан қиыстыруда дәлсіздіктер жібереді; Қосымша сұрақтарға жауап береді. |
| 5 | B- | 2,67 | 75- | | <ol style="list-style-type: none"> Негізгі материалды біледі, бірақ қисыннан қиыссыз жаңсақ жауап береді; Терминдерді қолданған кезде дәлсіздіктер жібереді; Қосымша сұрақтарға жауап берген кезде қателіктер жібереді. |
| 6 | C+ | 2,33 | 70-74 | | <ol style="list-style-type: none"> Тек қана теориялық білімдердің негіздерін игерген; Тұжырымдар мен қорытындылар жасай алмайды; Терминологияны қолданбайды; Қосымша және нақты сұрақтарға жауап бермейді. |
| 7 | C | 2,0 | 65-69 | | <ol style="list-style-type: none"> Негізгі материалдың білімдерін толық игермеген; Қисыннан қиыстыруға жоқ; Жауабы үзінді түрде; Қосымша сұрақтарға толық жауап бермейді. |
| 8 | C- | 1,67 | 60-64 | канағаттанарлық | <ol style="list-style-type: none"> Негізгі материалдың білімдерін толық игермеген; Дәлсіздіктер жібереді, тұжырымдар мен қорытындыларды жасай алмайды; Қисыннан қиыстыруға жоқ; Қосымша сұрақтарға жауап берген кезде қателіктер жібереді. |
| 9 | D+ | 1,33 | 55-59 | | <ol style="list-style-type: none"> Материалдың көп бөлігін білмейді; Материалда нашар бағдарланады; Сұраққа жауапты қисыннан қиыстыруға жоқ; Қосымша сұрақтарға жауап қайтаруға киналады. |
| 10 | D | 1,0 | 50- | | <ol style="list-style-type: none"> Көптеген дәлсіздіктерді жібере отырып теория негіздерін білуі мен түсінуі, түсіруді төмендететін кейбір үстіртіндер, бірақ оқытушының жетекші сұрақтарының көмегімен дұрыс пікірге келу қабілеттілігі. |
| 11 | F | 0 | 0-49 | канағаттанарлықсыз | <ol style="list-style-type: none"> Мәнін түсінбей, байланыссыз жүйесіз түрде оларды баяндау; Комиссия мүшелерінің қосымша сұрақтары ойды, теорияның үстіртін жатталынған жайларын қиындатады. |

4. Кешендік емтиханның мазмұны

Емтихан сұрақтарының тақырыбы оқу бағдарламаларынан бөлімдерінен таңдап алынған 6B04104 – «Қаржы» ББ циклдарға сәйкес келеді.

5. Кешенді емтиханға шығарылатын пәндер бөлімдерінің мазмұны

5.1 АҚША, НЕСИЕ. БАНКТЕР

5.1.1. Ақшаның мәні және оның атқаратын қызметтері

Ақшаның түсінігі және пайда болуының қажеттілігі. Ақша жалпылама құн эквиваленті ретінде ақша формалары.

Құнның салыстырмалы және эквиваленттік формасы-құнның ең қарама-қарсы жақтары. Ақша жалпы құн эквиваленті ретінде. Ақша тауарының спецификасы. Ақшаның тарихи, қоғамдық және экономикалық категория ретіндегі жаратылысы туралы.

Ежелгі ақшаның түрлері. Алтынның демонетизация процесі. Ақшаның қызметтері және олардың ерекшеліктері. Ақша құн өлшемі құралы ретінде және баға масштабы. Құн заңы және оның орындалуы.

Баға - құнның ақшалай көрінісі. Ақша айналыс құралы ретінде. Ақша айналысы заңы. Шаруашылық айналымының ақшаға деген қажеттілігін бағалау. Ақшаға деген сұраныс пен ұсыныс. Ақша айналысының тұрақтылығының негізі. Ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметі. Төлем айналымы және оны ұйымдастырудың негізгі заңдылығы. Ақшаның қор жинау немесе қазына жасау ретіндегі қызметі. Жеке және заңды тұлғалардың қор және қазына жасауының негізгі формалары.

Ақшаның дүниежүзілік қызметі. Ақшаның дүниежүзілік қызметіндегі формаларының дамуы. Дүниежүзілік ақшаның құн өлшемі, айналым құралы, төлем құралы, қор жинау құралы ретіндегі қызметтері. Ұлттық валюталарды және Халықаралық есеп бірліктерін дүниежүзілік ақша қызметінде қолдану. Алтынның қазіргі кездегі ролі.

5.1.2. Тақырып. Ақша айналымы, ақша айналысы және ақша жүйесі

Ақша айналымы және ақша айналысы туралы түсінік. Қызмет көрсетуші ақша формалары: толық құнды, толық құнсыз - қағаз және несие ақшалары. Қолма-қол және қолма-қол ақшасыз ақша айналысы. Ақшаның және төлем құралдарының түрлері. Ақша айналысының эволюциясы. Төлем құжаттарының түрлері. Металл ақша айналысы. Монета және монета тарихы. Қағаз ақша айналысы. Электронды төлем құралдары.

Ақша жүйесі туралы түсінік және оның элементтері мен негізгі типтері. қолм қолсыз есеп айырысу формалары. Инфляция. Инфляцияның түрлері және оның пайда болу себептер. Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық салдарлары және мемлекет тарапынан оған қарсы күресу әдістері

5.1.3. Тақырып. Ақша реформалары және валютаны тұрақтандыру әдістері

Ақша дағдарыстары. Ақша реформаларының тарихи мағынаға ие болуы. КСРО-дағы 1922-1924 жылдардағы ақша реформасы және оның кезеңдері. КСРО-дағы 1947 жылғы ақша реформасы және оның экономиканың дамуына тигізген әсері. КСРО-дағы 1961 жылы баға масштабының өзгеруі. Қазақстан Республикасындағы 1993 жылға ақша реформасы және оның қажеттілігі мен жүргізілу тәртібі.

5.1.4 Қарыз капиталы, пайыз және несие

Несие қатынастарының пайда болуы және дамуы. Тауар өндірісі және қоғамдық ұдайы өндіріс - несие қатынастарының дамуының негізі. Несиені қажет ететін негізгі және айналмалы қорлардың (капитал) айналым заңдылықтары. Қарыз капиталын құру көздері. Біздің елімізде қарыз қорын құрудағы ерекшеліктер. Экономикалық категория ретіндегі несиенің мәні мен оның сипаттамасы.

Несиелік капиталы және қарыз қорлары (несие ресурстары) арасындағы -айырмашылықтар мен ерекшеліктер. Қарыз капиталы және несие ресурстары нарығы.

Несиелік проценттің экономикалық мәні. Тауарлы өндіріс және несие қатынастары - қарыз өсім ақысының дамуының негізі. Несие қарым-қатынастарындағы субъектілер. Өсімақы нормасын анықтайтын факторлар. Өсімақы деңгейі, ерекшеліктері және дамуы. Өсімақы төлеу көздерінің қарыз алушылар мен қарыз берушілер арасындағы қарым-қатынастарға байланыстылығы.

Несиенің атқаратын қызметтері. Несиенің қайта бөлу қызметі. Уақытша бос ақша құралдарын қайта бөлу механизмі. Нағыз ақшаларларды несиелік ақшалар және алмастыру, айналыс шығындарын үнемдеу қызметі. Несиелік капитал орталықтандыру және шоғырландыруды жылдамдатудағы қызметі.

5.1.5 Несие жүйесі. Несиелік мекемелердің түрлері

Несие жүйесі туралы ұғымдар, оның қызмет ету жағдайы. Несие жүйесінің құрылымы және оның өзгеруі. Несие мекемелерінің түрлері: банктік және банктік емес несие-қаржы институттары.

Банк мекемелерінің түрлері. Эмиссиялық және эмиссиялық емес банктер және олардың түрлері мен құқықтық формалары. Эмиссиялық емес банктер: әмбебап жеке операциялардың кейбір түрлеріне маманданған банктер .

Банк жүйесі экономиканың дербес саласы және оның құрамдас элементтері, қызметтері, ролі. Банктің типтері. Қазақстанда банк жүйесінің қалыптасуы. КСРО -дағы 1930 - 1932жж. несие реформасы. Оның мақсаты және мазмұны. КСРО – дағы 1998 жылғы түбегейлі реформа банк реформасы.

Екі деңгейлі банк жүйесі. Екі деңгейлі банк жүйесінің қызмет ету механизмі мен құрылымы. Жоғары және екінші деңгейдегі банктердің қызмет етуін ұйымдастырудағы айырмашылықтар. Шетелдердегі дамыған елдердің банк жүйесі және коммерциялық банктердің қызмет ету ерекшеліктері.

5.1.6 Банктің емес несиелік мекемелердің мәні және түрлері

Маманданған несиелік – қаржылық институттар, олардың типтері мен қызмет ету спецификасы. Зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, факторингтік, лизингтік, пошталық-жинақтау компаниялары, ломбардтар, клирингтік палаталар және т.б. Олардың ұйымдастырылу және қызмет ету ерекшеліктері. Экономикасы дамыған елдердегі арнайы несиелік –қаржылық мекемелердің түрлері.

5.1.7 Мемлекеттің Орталық банкі, оның құрылуы және дамуы

Орталық эмиссиялық банктердің пайда болуы, түрлері және мемлекет экономиксындағы оның ролі. «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995ж. 30 наурыздағы Заңы.

Қазақстан Республикасының Орталық банкі Ұлттық банк. ҚР Ұлттық Банкі, оның құрылымы, заңды статусы және есеп беруі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің негізгі мақсаттары мен міндеттері. Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Мемлекеттік ақша –несие саясатын жасау және оны жүргізу. Валюталық реттеу және валюталық бақылауды жүзеге асыру. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал жасау.

Ұлттық банктің капиталы, резервтері мен табысы. Ұлттық банкпен басқаруды ұйымдастыру. Ұлттық банктің жоғары басқару органдарын құру тәртібі және олардың өкілеттілігі.

5.1.8 Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің атқаратын қызметтері мен жүргізілетін операциялары

Ақша –несие саясатының түрлері: рестрикциялық, экспансиондық, дефляциялық және селективтік. Ақша айналысын басқару. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін бекіту. Ақша – несие саясатының жүзеге асыратын операцияларының түрлері. Минималды резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу.

Бағалы қағаздарды сату және сатып алу. Ақша –несие саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу. Сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу.

Банктердің алған қарыздарының жалпы көлемін реттеу. Валюталық интервенциялар жүргізу. Депозиттік саясат. Ұлттық банк –«банктердің банкі». Ұлттық банк –Үкіметтің басты банкирі, қаржылық кеңесшісі және агенті.

5.1.9 Тақырып. Коммерциялық банктер, атқаратын қызметтері және олардың қызметін ұйымдастыру

Коммерциялық банктердің құқықтық негіздері "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктердің қызметі туралы" 1995ж. 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының заңы. Банктердің негізгі қызметтері. Банк қызметін ұйымдастыру принциптері. Банктің қызмет етуін қалыптастыру, қайта ұйымдастыру және оны тоқтату тәртібі. Банктік лицензия түсінігі.

5.1.10 Коммерциялық банктердің активті, пассивті және комиссияндық -делдалдық операциялары

Банктердің актив және пассив операцияларының сипаттамасы. Пассив операциялары. Банктердің өз қаражатын құру әдістері. Банктердің өз қаражатының және тартылған қаражатының құрылымы. Депозит деген ұғым және оның түрлері.

Банктердің актив операциялары. Несиелік операциялар вексельмен және басқа бағалы қағаздармен операциялар. Инвестициялық, факторингтік, лизингтік, консорциялық операциялар. "Несиелік желі" түсінігі. Қозғалмайтын мүліктерді кепілдікке алумен берілетін ссудалар. Вексель және басқа бағалы қағаздармен жасалатын операциялар. Инвестициялық, факторингтік, лизингтік, консорциялық операциялар. Банктердің комиссияндық-делдалдық және сенім (траст) операциялары. Банктік тәуекелдер түсінігі және түрлері.

5.1.11 Бағалы қағаздар нарығы

Бағалы қағаздар жалған капиталдың формасы ретінде және олардың түрлері: акциялар, облигациялар, мемлекеттің қазыналық міндеттемелері, жинақ сертификаттары. Бағалы қағаздарды шығару және айналысын тіркеу тәртібі.

Қазақстанда бағалы қағаздар нарығының қалыптасуы. " Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдесіндегі Заңы.

5.1.12 Қор биржалары

Қор биржасының пайда болуы мен дамуы. Қор биржаларын басқару мен ұйымдастыру ерекшеліктері және экономикасы дамыған елдерде қор биржасын басқару. Қазақстан Республикасындағы қор биржаларының қызметі мен мақсаты. Қор биржасы мүшелерінің міндеттері мен құқықтары. Биржалық мәмілелер.

ҚРда бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының өзін өзі реттеуші ұйымдары, кәсіби қызметтері.Бағалы қағаздар нарығының институционалды инвесторлары.

5.1.13 Валюта жүйесі және валюталық қатынастар

Валюта жүйесін ұйымдастыру формалары: ұлттық, аймақтық, дүниежүзілік. Валюта жүйесінің элементтері.

Төлем балансы және оның құрылымы. Есеп айырысу балансы және оның төлем балансынан айырмашылығы. Төлем балансына әсер етуші факторлар: инфляция, халықаралық саудадағы өзгерістер.

Валюта курсы туралы түсінік. Шетел валютасымен несиелеу мен есеп айырысу, оларды ұйымдастырудың ерекшеліктері. Валютамен халықаралық есеп айырысуды жүргізудің тәртібі.

Валюта саясаты және банктің валюта-қаржы портфелін басқару. 2005 жылдың 13 маусымындағы Қазақстан Республикасының Валюталық реттеу туралы" Заңы.

5.1.14 Халықаралық валюталық-несиелік институттар

Халықаралық валюталық қор (ХҚК — МФК),оның атқаратын қызметтері мен міндеттері.

Әлемдік Банк Тобы, оның құрылымдық бөліктері: халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК — МФК), халықаралық даму ассоциациясы (ХДА - МАР), инвестициялардың кепілдігі жөніндегі көп жақты агенттік (ИККА - МАГИ), халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ- МБРРР).

Әлемдік банктің (ХҚКДБ) міндеті мен мақсаты және оның құрылымдық ұйымдастырылуы мен басқарылуы.Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚКДБ -(ЕБРР) мақсаты мен қызметі.

5.1.15 ҚР-дағы халықаралық қаржылық институттардың қызметі

Азиялық даму банкі (АзДБ-АзБР), оның міндеті мен қызметтері. Халықаралық есеп айырысу банкі және оның опреациялары. Қазақстан Республикасындағы халықаралық қаржылық институттардың қызметі

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер

1. Омаров,С.Х. Ақша, несие, банктер : Оқу-әдістемелік кешен. . - Көкшетау: Ш. Уәлиханов атындағы КМУ, 2017. - 46 б.
2. Абралиев, О.А. Ақша несие банктер : Оқу құралы. - Алматы: Агроуниверситет, 2019.-136 б.
3. Кадырханова, Ж.М. Ақша, несие, банктер. - Өскемен, 2014. - 34 б.
4. Сейітқасымов, Ғ.С. Ақша, несие, банктер : Оқулық. . - Алматы: Экономика, 2018. - 466 б.

Қосымша әдебиеттер

1. Е.И. Кузнецова Деньги, кредит, банки — Москва : КНОРУС, 2018. - 306 с.
2. Е.М.Бельчина Деньги кредит банки .Учебное пособие –Минск БГАТУ,2016- 224 с
3. Н.П.Белотелова,Белотелова Ж.С. Деньги кредит банки –Москва:Дашков и К,2020-380с.
4. Алиев А.Е.Ефимова Е.Г.Деньги кредит банки.Учебное пособие,Москва:Флинта,2017 -293 с.
5. Мудрак А.В.Деньги кредит банки: ценные бумаги.Учебно пособие. Москва: Флинта, 2017 - 231 с.
6. Лаврушин О.И., Валенцева Н.И. Банковское дело: Учебник под ред. О.И. Лаврушина. — 12-е изд., стер. — М.: КНОРУС, 2018.-155с.

5.2 КОРПОРАТИВТІК ҚАРЖЫ

5.2.1 Корпорациялар қаржысы: ұйымдастыру негіздері және олардың қаржы сферасының мазмұны

Мазмұны: «Корпоративтік қаржы» ұғымы мен мазмұны, оның функциялары. Корпорациялардың қаржылық механизмі. Компанияның құрлымы, қаржылық стратегиясы және мақсаты.

Корпоративтік қаржыны ұйымдастырудың негізгі қағидаттары және рөлі, олардың мазмұны және кәсіпкерлік қызметінің тиімділігіне әсері.

Әртүрлі ұйымдық-құқықтық кәсіпорындарды заңнамалық және нормативтік актілер шеңберінде қаржылық реттеу.

Компанияның қызмет етудегі сыртқы ортасы, капитал нарығындағы компанияның қызметі. Бюджетпен, коммерциялық банктермен, сақтандыру және басқа да компаниялармен және мекемелермен қаржылық қатынастарының сипаттамасы.

5.2.2 Қаржы-кредит шешімдерін қабылдауда қаржы-экономикалық есептеп шығарудың математикалық негіздері

Мазмұны:Ақшаның уақытша құны ұғымы. Компания капиталының бүгінгі және болашақ құны. Дисконттау және компаундтау. Капиталдың баланстық құны және дисконт нормасы (табыстылық шекті нормасы). Дисконттау коэффициенті. Жай және күрделі есептік пайыздар. Ақша ағымдарын есептеу үшін күрделі пайыздың стандартты функциялары.

Аннуитеттер. Борыш өтемпұлы. Бағалы қағаздар бойынша пайыздар және дивидендтер. Бағалы қағаздармен операциялардың кірістері. Таза көрсетілген құн.

5.2.3 Корпорацияның айналымнан тыс активтерін басқару

Корпорациялар қаржыларын ұйымдастырудың рөлі және сыныптамасы, ұзақ мерзімді активтердің мәні мен мазмұны.

Ұзақ мерзімді инвестициялар, аяқталмаған күрделі құрылыс, материалдық емес активтер, негізгі құрал жабдықтардың құрамы мен құрылымы, экономикалық табиғаты.

Таза активтер құны, экономикалық табиғаты және оларды арттыру жолдары.

Корпорация қызметтеріндегі материалдық емес активтердің рөлін арттыру. Ұзақ мерзімді активтерді бағалаудың әдістері: бастапқы, қалпына келтіру, жою және қалдық құны. Материалдық емес активтерді және негізгі қорларды қайта бағалаудың мәні.

Амортизацияны есептеудің негізгі капиталды жаңартудағы рөлі. Ұзақ мерзімді активтерді, негізгі қорларды тиімді пайдалану көрсеткіштері.

Корпорациялардың инвестициялық қызметінің қаржылық аспектісі. Инвестициялық қызметтегі инвестицияның экономикалық мазмұны және жиынтық мәні. Қазақстанда қазіргі кездегі корпорациялардың инвестициялық саясатының ерекшеліктері. Күрделі қаржыландыру негізгі капиталды ұдайы өндірудің маңызды әдісі ретінде. Инвестициялардың түрлері: тура(нақтылы), портфельдік және венчурлық инвестициялар. Негізгі құрал жабдықтарды жөндеуді қаржыландыру. Материалдық емес активтерді және негізгі қорларды инвестициялауды қаржыландыру көздері.

5.2.4 Корпорацияның айналым активтерін басқару

Мазмұны: Айналым капиталының сыныптамасы және экономикалық мазмұны. Айналым капиталын ұйымдастыру қағидаттары, олардың құрамы және құрылымы. Компанияның босалқы қоры: босалқы қорлардағы қаражаттар, өндірістегі қаражаттар. Дебиторлық қарыз мөлшерінің деңгейі және оны басқару. Компанияның ақшалай қаражаттары, олардың түсу жолдары және жұмсалыу бағыттары. Ақша қаражаттарының ағымдарын болжамдау. Қолма-қол ақшаны басқарудың моделі. Қысқа мерзімді бағалы қағаздар, жеңіл таратылатын бағалы қағаздар портфелін қалыптастырудың қағидаттары және ерекшеліктері. Компанияның айналым капиталының оңтайлы қажеттілігін анықтау және бұл қажеттілікті анықтаушы факторлар. Айналым қаражаттарын нормалаудың әдістері.

Айналым капиталын қалыптастыру көздері. Кредиторлық берешек: айналым капиталын қалыптастырудағы оның мәні. Меншікті айналым капиталы. Айналым капиталының өсімі, оны қаржыландыру көздері. Меншікті айналым қаражаттарының кемшіліктері, оның пайда болу себептері, қалпына келтіру көздері. Ағымдағы қаржылық қажеттілікті моделдеу.

Айналым капиталын пайдаланудың экономикалық тиімділігі, оның компанияның қаржылық жағдайына ықпалы және жетілдіру жолдары.

5.2.5 Корпорацияның өнімді өндіруге және өткізуге кеткен шығындары және оларды қаржыландыру

Мазмұны: Корпорация шығындарының экономикалық сыныптамасы. Өнімнің өзіндік құнының құрылымы, баптар және элементтер бойынша жұмыстар мен қызметтер. Өзіндік құнның құрамы мен құрылымының салалық ерекшеліктері. Шығындар деңгейінің көрсеткіштері, төмендету жолдары мен резервтері.

Өнімді өндіру және өткізу шығындарының сметасы. Өнімдерді өндіру және өткізу шығындарын жоспарлау мен бюджеттендіру. Өнімдерді өндіру және өткізу шығындарын бақылау. Өнімдерді өндіру және өткізу шығындарын қаржыландыру. Компания қызметінің түпкі нәтижесінің шығындар құрылымына ықпалы.

5.2.6 Корпорация табысының қалыптасуы, бөлінуі және пайдалану тиімділігі

Мазмұны: Корпорация қызметін дамытуды қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету және табыстардың рөлі.

Табыстар функциялары және сыныптамасы. Табыс корпорацияның негізгі бағалау көрсеткіші ретінде.

Корпорацияның жиынтық (жалпы) табысы, оның құрамы мен құрылымы. Өнім өндіруден, жұмыстар мен қызметтерден түсетін табыс - корпорацияны қаржыландырудың негізгі көзі.

Мүлікті сатудан түскен табыс: пайда болу себептері және пайдалану.

«Қосымша құн» ұғымы және оның құрамы. Нарықтық қосылған құн және экономикалық қосылған құн. Компанияның қызметін өткізуден тіс табыстарының сипаттамасы. Компанияның инвестициялық және қаржылық қызметінен түскен табыстары.

Өнімдерді өткізуден (жұмыстар мен қызметтерден) түскен табыстарды жоспарлау әдістері және оның көлеміне әсер ететін факторлар. Жиынтық табыстардан, өнімдерді өткізуден түскен түсімдерді бөлу және тиімді пайдалану механизмі. Маржиналдық табыс.

Корпоративтік табыс салығы (ЕВІТ) және кредит үшін пайыздарды төлегенге дейінгі пайда. Рентабелділік шегі және қаржылық тұрақтылық.

5.2.7 Корпорацияның меншікті капиталын қалыптастыру

Мазмұны: Корпорация қызметіндегі меншікті капиталдың рөлі. Корпорацияның меншік капиталы, оның құрамы мен құрылымы.

Жарғылық капитал — корпорацияның меншікті қаражаттарының бастапқы негізгі көзі. Қосымша капитал компанияның эмиссиялық қызметінің негізгі қорларын қайта бағалаудың нәтижесі ретінде. Алынған капитал.

Корпорацияның қаржылық қорларын (қорлану қоры, тұтыну қоры және компанияның резервтік қоры) қалыптастыру көздері және оларды пайдалану бағыттары. Бөлінбеген таза табыс (шығын).

5.2.8 Корпорацияның қарыз капиталын қалыптастыру

Мазмұны: Компанияның ұзақ мерзімді қарыздарды қаржыландыру көздерін тарту мен пайдалану мақсаты.

Ұзақ мерзімді қарыздарды қаржыландыру көздері және түрлері: ұзақ мерзімді банк ссудалары; лизинг; ипотекалық кредит; мемлекеттік және жеке инвестициялар, шетелдік және үлестік жарна инвестициялары. Компанияның эмиссиялық қызметі. Борыштық міндеттемелердің түрлі нысандары және . франчайзинг және басқа да қаражаттар тарту көздері.

Компанияның қысқа және орта мерзімді қаржыландыру көздері. Банктік және коммерциялық кредит. Қысқа мерзімді кредитті беру мен қайтару ережелері. Кредиттеу әдістері. Қарыз алушының кредиттік қабілеттілігін бағалау. Қаржыландырудың жаңа құралдары: факторинг, форфейтинг, форвардтық және фьючерстік келісім-шарттар және т.б.

5.2.9 Тартылған капиталдың құны және орташа безбенделген капиталдың құны.

Мазмұны: Бағалар ұғымы және капитал құрылымы. Капитал құнының тұжырымдамасы - компанияны қаржыландыру теориясының негізі ретінде. Капитал құрылымын анықтаушы факторлар.

Капитал құнының түрлері: ішкі, нарықтық, баланстық, шекті, жою, инвестициялық. Капитал құнын бағалау әдістері. Капитал левириджі.

Компания капиталының құрылымы және құнының өзара байланысы. Капиталдың оңтайлы құрылымын анықтау. Қазақстан кәсіпорындары үшін капитал құрылымының теориялық мәні. Нарықтық құнды барынша ұлғайту тұжырымдамасы - компанияның стратегиялық мақсаты. Құндылықты басқаруға негізделген менеджмент. Акционерлердің әл-ауқаты және корпоративтік басқару. Компанияның құнын барынша ұлғайту және бағалау әдістері. Компания құнын тиімді басқару.

5.2.10 Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау және қаржылық тұрақтылыққа жету жолдары

Мазмұны: Бухгалтерлік (қаржылық) есеп шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін басқару үдерісін ақпараттық қамтамасыз етудің көзі ретінде. Қаржылық талдау ұғымы, қаржылық жағдайды талдау, қаржылық тұрақтылық. Қаржылық талдаудың әдістемесі.

Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау: мүліктік жағдайы, өтімділігі, төлем қабілеттілігі, іскерлік белсенділігі, рентабелділігі, қаржылық тұрақтылығы, қор нарғындағы корпоративтік бағалы қағаздардың жай-күйі. Корпорацияның қаржылық тұрақтылыққа жету жолдары.

5.2.11 Корпорацияның қаржылық дәрменсіздігі және қаржылық сауықтыру

Мазмұны: Банкроттық ұғымы, белгілері мен қағидаттары. Фирманың дағдарыс жағдайының пайда болу механизмі. Компания қызметінің дағдарыс факторлары. Кәсіпорының төлем қабілетсіздік стадиялары. Қаржылық тұрақтылық факторларының сыныптамасы.

Банкроттық және дәрменсіздік туралы ҚР-дің нормативтік-әдістемелік, заңнамалық қамтамасыз ету негіздері. Кәсіпорынның қанағаттанарлықсыз баланс құрылымын анықтау. Кәсіпорынның төлем қабілетсіздігін қалпына келтірудің нақты мүмкіндіктерін талдау және бағалау.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы және инвестициялық тартымдылық деңгейі бойынша сыныптамасы.

Банкротқа ұшырау нысандары: бейбіт келісім, санация, қайта құрылымдау, жою. Қайта құрылымдау тәртібінің түрлері мен жүргізу ережелері: байқау, сауықтыру, санация, жұту, қосылу. Конкурстық өндіріс. Қаржылық сауықтыру және корпорация қаржысын дағдарысқа қарсы басқару стратегиясы.

5.2.12 тақырып. Корпорация қаржысын жоспарлау

Мазмұны: Қаржылық жоспарлаудың қағидаттары мен міндеттері. Қаржылық жоспарлаудың негізгі әдістері. Қаржылық жоспарлау мен өндірістік жоспарлау көрсеткіштерінің өзара байланысы.

Стратегиялық, ағымдағы және оперативтік қаржылық жоспар.

Қаржылық жоспарды құру, құрастыру және бекіту реті.

Қаржылық жоспарлау объектілері. Ағымдағы қаржылық жоспарлау (бюджеттендіру). Бюджеттік үдеріс. Бюджеттік қаржыландырудың қағидаттары (бюджеттендіру). Кәсіпорынның бюджеттік жүйесі. Қаржылық және оперативтік бюджеттер. Ақшалай қаражаттар қозғалысының бюжеті. Табыстар және шығыстар бюжеті. Кәсіпорынның жиынтық бюжетін қалыптастыру. Бюджеттердің атқарылуын талдау және бақылау.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер

1. Бұлақбай, Ж.М. Корпоративтік қаржы : Оқу құралы. . - Астана, 2019. - 237 б.
2. Иманғалиева, И.Т. Корпоративтік қаржы : Оқу құралы.- Павлодар: Кереку, 2018.- 70 б.
3. Ібришев, Н.Н. Корпоративтік қаржы : Оқулық. . - Алматы: Издательство LEM, 2019. - 380 б.
4. Омарбакиев, Л.А., Ақпанов, А.Қ. Корпоративтік қаржы : Оқу-әдістемелік құрал. . - Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. - 89 б.
5. Уакпаева, М.М., Кайырбаева, Г.К. Корпоративтік қаржы : Оқу құралы. . - Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017. - 149 б.

Қосымша әдебиеттер

1. Principles of Corporate Finance. 10th Edition 10th Edition by Richard A. Brealey (Author). Stewart C. Myers (Author), Franklin Allen (Author) 2019-450с..
2. Брейли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов. 2-е русск. изд. (пер. с 7-го междунар изд.) - М.: Олимп-Бизнес, 2018 -155с..
3. Романовский М.В., Вострокнутова А.И. Корпоративные финансы: Учебник для вузов.-СПб.: Питер. 2018,-591с.
4. Э.Э.Михель, Р.А.Әмирханов, Г.А.Жолмырзаева, Ж.С.Мұхаметжанова. Корпоративтік қаржы. Оқулық. Алматы. 2018-420 с..
5. Корпоративные финансы: Учебник / Под ред. Шохина Е.И. - М.: КноРус, 2018. - 768 с.
2. Богатырев, С.Ю. Корпоративные финансы: стоимост. оценка: Учебное пособие / С.Ю. Богатырев. - М.: Риор, 2018. - 528 с.
6. Борисова, О.В. Корпоративные финансы: Учебник и практикум для академического бакалавриата / О.В. Борисова, Н.И. Малых, Ю.И. Грищенко. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 621 с.
7. Самылин, А.И. Корпоративные финансы: Учебник /А.И. Самылин. - М.: Инфра-М, 2018- 52 с

6.1 САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ САЯСАТ

6.1.1 Салықтардың экономикалық мәні мен табиғаты

Мазмұны: Салықтардың пайда болуы мен қажеттілігі. Салық формасының эволюциясы. Салықтардың арнайы белгілеріне қарай жіктелуі. Салықтардың ұйымдастырушылық нысанының белгілері. Салықтардың мәні. Салықтардың функциялары. Салықтардың қызмет етуінің себептері мен жағдайлары. Салықтардың міндеті.

Салық элементтері туралы ұғым. Салықты төлеу көзі. Салық салынбайтын минимум. Салық ставкасы және оның салық салу жүйесіндегі маңызы. Салық ставкаларының түрлері.

6.1.2 Қазақстан Республикасының салық жүйесі: құрылу кезеңдері мен бүгінгі жағдайына сипаттама

Мазмұны: «Салық жүйесі» ұғымының экономикалық мазмұны. Салық жүйесінің құрылымы. Үйлесімді салық жүйесінің принциптері. Салық жүйесінің ерекше сипаты, артықшылығы мен

кемшіліктері. Салық жүйесі функцияларына жалпы сипаттама. Салық салу міндеттемесінің принциптері. Салық салудың әділдігі принципі. ҚР салық жүйесінің қалыптасуы мен реформалау кезеңдері. Бүгінгі салық реформасының концепциясы. ҚР салық жүйесіндегі салықтардың түрлері мен міндетті төлемдер.

6.1.3 Салық саясаты және оның мемлекетіміздің экономикалық саясатындағы алатын орны. Салық механизмі.

Мазмұны: Салық саясатының экономикалық мазмұны. Салық саясатының мақсаты мен міндеттері. Салық саясаты мемлекеттің экономикалық қаржылық және фискалдық саясатының құрамдас бөлігі. Салық саясатының экономиканы дамыту ерекшеліктері мен өзара байланысы.

Қазақстанда салық саясатының қалыптасуы мен ерекшеліктері. Салық саясатының мемлекеттің ең негізгі экономикалық саясатын жүзеге асырудағы рөлі. «Салық механизмі» ұғымының экономикалық мәні. Салық механизмінің мемлекеттің салық саясатын жүргізудегі рөлі. Салық механизмінің негізгі элементтеріне сипаттама.

6.1.4 Көлік құралдарына салынатын салық

Мазмұны: Меншікке салынатын салықтардың экономикалық мазмұны және табиғаты. Көлік құралдарына салынатын салықтардың жіктелуіне сипаттама. Көлік құралдарына салынатын салықты төлеушілер. Салық салу объектісі. Салық ставкалары: құрылу ерекшеліктері және қолдану механизмі. Көлік құралы салығынан босатылатын тұлғалардың категориясы. Көлік құралдарына салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімі. Салықты төлеу мерзімдері.

6.1.5 Жер салығы және бірінғай жер салығы

Мазмұны: Жер салығының экономикалық мазмұны және жер салығының жіктелуіне сипаттама. Жерге салық салу кезінде салықтарды реттеу функциясы. Салық салу объектісі және салық салу базасы. Жер салығының салық ставкаларының құрылымы. Бонитет балы. Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкалары. Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салық салу. Бірінғай жер салығының экономикалық мазмұны. Бірінғай жер салығын төлеу тәртібі, жеңілдіктері. Бірінғай жер салығының ставкасын реттеу: мәні, қажеттілігі және қолдану тәртібі.

6.1.6 Мүлік салығы

Мазмұны: Мүлік салығының экономикалық мәні мен табиғаты. Заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салық салу кезінде салық функцияларын өткізу. Мүлік салығының жіктелуіне жалпы сипаттама. Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығының құрылу негіздері. Мүлік салығын төлеушілер. Жеке тұлғалардың мүлкіне салық құрылымының ерекшеліктері. Жеке тұлғалардың мүліктік салық салу объектісі.

6.1.7 Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Мазмұны: Тұтынғанға салынатын салықтың экономикалық мазмұны мен табиғаты. Қосылған құн салығының экономикалық мәні, жіктелуіне сипаттама. Қазақстанда ҚҚС енгізудің қажеттілігі мен алғы шарттары. ҚҚС артықшылықтары мен кемшіліктері. ҚҚС негізгі құрылымы. ҚҚС төлеушілер: түзету тәртібі және салық есебінен шегерімдер. Салық салынатын импорт. Салық салынатын айналым мөлшерін айқындау тәртібі. ҚҚС босатылған импорттық айналымдар.

ҚҚС салынбайтын өткізу бойынша айналымдар болған кезде ҚҚС есепке жатқызу тәртібі. Есепке жатқызылатын барабарлық (пропорциональный) және бөлек есептеу әдісі бойынша ҚҚС айқындау.

6.1.8 Акциздер

Мазмұны: Акциздер мәні мен экономикалық табиғаты. Акциздер функциялары. Акцизделетін тауарлар тізбесін айқындау ерекшеліктері: мақсаты, критерилері. Салық саясатын жүргізудегі акциздердің рөлі. Қазақстанның салық жүйесіндегі акциздердің қызмет ету ерекшеліктері.

ҚР өндірілетін, өткізілетін акцизделетін тауарларға салық салу. Салық базасы. Салық салу объектісі. Акцизделетін тауарлардың импортына салық салу. Импортталатын акцизделетін тауарлардың салық базасы. Акцизден босатылған акцизделетін тауарлардың импорты. импортталатын акцизделетін тауарларға акциз төлеу тәртібі және мерзімі.

6.1.9. Ойын бизнесіне салық салу. Тіркелген салық

Мазмұны: Ойын бизнесіне салықты бекітудің экономикалық мазмұны. Ойын бизнесі салығын төлеушілер. Салық салу объектісі. Ойын бизнесіне салық салу мөлшерлемесі құрылымының ерекшеліктері. Салық төлеу кезеңдері. Салықты төлеу мерзімі және есептеу тәртібі. Ойын бизнесі салығын төлеушілердің салық кезеңіндегі табысының шекті мөлшерлемесі. Тіркелген

салық: мәні, құрылу ерекшеліктері және әрекет ету салалары. Тіркелген салық төлеушілер. Тіркелген салық салу объектілері, ставкалары. Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың ең төмен жоғары базалық ставкаларының мөлшері. Тіркелген салық бойынша салық кезеңі. Тіркелген салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімі.

6.3.10. Корпоративтік табыс салығы. Шет елдік заңды және жеке тұлғалардың табыстарына салық салу ерекшеліктері

Мазмұны: Қазақстанда заңды тұлғалардың табысына салық салудың қазіргі даму жағдайы. Корпоративтік табыс салығының экономикалық мазмұны мен салық жүйесіндегі алатын орны. Салық салу объектілері және төлеушілер. Жылдық жиынтық табыс: құрамы мен құрылымы. Жылдық жиынтық табысты түзету. Оларды қолданудың ерекшеліктері мен шегерімдері. Тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін көлемін айқындау механизмі.

Инвестициялық салық преференциялары. Салық преференцияларының салаларға орналастырылуы және экономикалық мазмұны.

Резидент еместің ҚР-дағы табыстарының түрлері. Резидент емес заңды тұлғалардың табыстарына корпоративтік табыс салығын салуды есептеу және төлеуді анықтау ерекшеліктері. Резидент емес жеке тұлғалардың төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстау және аудару тәртібі.

6.3.11. Жеке табыс салығы

Мазмұны: Азаматтардың табысына салық салу жүйесінің эволюциясы және экономикалық мазмұны. Жеке тұлғалардың табысына салық салудың негізгі принциптері. Қазақстандағы жеке табыс салығы және оның дамуы. Салық саулға жатпайтын табыстар. Төлем көзінен салық салынатын жеке тұлғалардың салықты төлеу тәртібі және есептеу ерекшеліктері. Қызметкердің табысы және оларға сипаттама. Жеке тұлғаның салық агентінен алатын табысы.

Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар. Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардың түрлері. Жеке табыс салығы бойынша декларация.

6.3.12. Экспортқа рента салығы. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу

Мазмұны: Экспортқа рента салығының талаптары және экономикалық мазмұны. Экспортқа салынатын рента салығының элементтеріне сипаттама. Экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатына рента салығының есептеу және ставка қолдану тәртібі.

ҚР жер қойнауын пайдаланушылардың төлемдері және салықтарына жалпы сипаттама.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша бөлек салықтық есепке алуды жүргізудің негізгі принциптері. Пайдалы қазбаларға салынатын салықтардың экономикалық мазмұны. Үстеме пайда салығының ролі және экономикалық мазмұны.

6.3.13. Әлеуметтік салық

Мазмұны: Әлеуметтік салықтың мазмұны және экономикалық табиғаты. Қазақстандағы әлеуметтік салықтың дамуы. Әлеуметтік салықтың элементтеріне жалпы сипаттама. Әлеуметтік салық бойынша салық салынатын базаға жатқызылмайтын табыстар. Әлеуметтік салық ставкалары. Әлеуметтік салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімдері.

Мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салықты есептеу ерекшеліктері. Арнаулы салық режимдерін қолданатын төлеушілердің әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін есептеу, төлеу және табыс ету ерекшеліктері.

6.3.14. Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі (АСР) Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі

Мазмұны: Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін арнаулы салық режимдерінің экономикалық мазмұны. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері арнаулы салық режимін қолдану шарттары.

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимінің экономикалық мәні. Арнаулы салық режимдерін шағын бизнес субъектілері үшін салалар бойынша таралуы. Патент негізіндегі арнаулы салық режимі: жайылу салалары, қолдану тәртібі. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі: мазмұны, қолдану шарттары және төлеу мерзімі

6.3.15. Алымдар, төлемақылар және баждар

Мазмұны: Алымдар, төлемақылар, баждар және аударымдардың экономикалық мазмұны. Салықтардың, алымдар, төлемақылар, баждар және аударымдардың жалпы және ерекшеленген белгілері. Мемлекеттік баждың экономикалық мазмұны.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер

1. Салық және басқада міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі): Заң және заңнамалық актілер - Алматы: Юрист, 2018. - 464 с
2. Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. «Салық және салық салу, 2016, 864 бет
3. Салық және салық салу. Астана: 2009 - 2-е изд., доп.. - Алматы: LEM, 2017. - 268 с
4. Местные налоги Республики Казахстан: учебное пособие/А. А.Нурумов Астана, 2022. - 296 с
5. Ермекбаева, Б. Салықтық әкімшіліктендіру : Оқу құралы - Алматы, 2017

Қосымша әдебиеттер

6. Қуаналиева, Г.А. Қаржы құқығы : Оқу құралы .- Алматы:, 2017-233с.
7. Ермекбаева, Б.Ж. Налоговый менеджмент Учебное пособие - Алматы, 2018.-250с.
8. Налоги и налогообложение. Мусаханова А.Н. Мусаханова А.М. , А. Университетт Туран, 2017 - 128 с.
9. Алиева, М.М. Кәсіпорынның қаржылық мониторингі : Оқу құралы- Алматы: Экономика, 2017-410с.
10. Молдажанов, М.Б. Налоги зарубежных стран. Учебное пособие - Алматы, 2019
11. Налогообложение в РК на современном этапе: учебное пособие/ Д. А. Калдиярова, З. А. Илимжанова, В. Р. Бурнашева. - Алматы: Экономика, 2015. - 220 с
12. НДС в Казахстане. Просто о сложном (комментарии) + СД: практич. пособ./ В. П. Проскурина. - 2-е изд., доп.. - Алматы: LEM, 2015. - 268 с
13. Налоги и налогообложение. Учебник, А. Нурумов, А. Бекболсынова, - Алматы: Фолиант, 2018 г.- 736 с
14. Поляк Г.Б., Смирнова Е.Е. Налоги и налогообложение. Учебник. Москва, 2018.-125с.
15. Налогообложение в РК на современном этапе: учебное пособие/ Д. А. Калдиярова, З. А. Илимжанова, В. Р. Бурнашева. - Алматы: Экономика, 2015. - 220 с
16. НДС в Казахстане. Просто о сложном (комментарии) + СД: практич. пособ./ В. П. Нұрымов А.А., Шоимбаева С.А.
17. Налоговое законодательство (по состоянию на 01.02.2018 г.) 13 000 нормативных документов: Справочник "Законодательство". - Алматы: Юрист, 2016. - 13 000 с

6.2 БАНК ІСІ

6.2.1. Коммерциялық банктер және олардың негізгі қызмет ету шарттары

Мазмұны. Нарықтық экономика жағдайында коммерциялық банктер өз клиенттеріне әр түрлі қызметтер көрсететін ерекше кәсіпорын. Қазіргі кездегі банктердің клиенттерге ақылы негізде көрсететін қызметтерін жүзеге асыруға байланысты жүргізетін операцияларының дәстүрлі және нарық талабына сай жаңадан пайда болған дәстүрлі емес түрлерінің көбеюі... Осыған байланысты банк қызметтерінің «коммерциялық сипатының» арта түсуі. Сондықтан «коммерциялық» деген терминнің екінші деңгейдегі банктердің формасына байланысты емес, олардың ақылы негізде клиенттерге көрсететін қызметтерінің сан алуандығына байланыстылығы. Осы мәселенің ғылыми тұрғыдағы түсінігі.

ҚР-ғы коммерциялық банктердің коммерциялық банктердің әр түрлі ұйымдық-құқықтық формаларының қалыптасуы. Коммерциялық банктердің ҚР-да қызмет ету ерекшеліктері, оларды рекапитализациялау саясаты. Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандартқа көшу жүйесінің даму ерекшеліктері, олардың дамуының сандық көрсеткіштері. Банк секторына шет ел капиталының енуі және оны реттеу мемлекеттік мәртебесі бар банк құру қажеттілігі.

6.2.2. Коммерциялық банк қызметінің заңдылық негіздері.

Мазмұны. Қазақстан Республикасы банк қызметінің заңдылық негіздері. Қазақстан Ұлттық банкінің нормативтік-құқықтық және реттеу құжаттарын, бухгалтерлік құжаттарды дайындау құқығы.

6.2.3. Банк ресурстарын қалыптастыру және басқару. Банктің меншік капиталы. Банк қызметін пруденциалдық реттеу.

Мазмұны. Банк қызметтерінде кездесетін мындай терминдердің мән-мағынасын аудиторияда ашу. «Банктік ресурстар» және олардың құрылымы, «несиелік ресурстардың» банктік ресурстардың

бір жағынан түйіндес болып келуі, ал екінші жағынан олардың сандық әрі сапалық айырмашылықтары. Базель келісімі және оның банк капиталының құрамын, құрылымын, жеткіліктілігін анықтаудың халықаралық үлгісін бекітіп, біркелкі етудегі маңызы. Базель стандарты – 1 және Базель стандарты – 2 олардың банк қызметтерді қадағалау мен реттеудегі рөлі. Коммерциялық банктердің және олардың активтерінің рейтингісі. Рейтингітік компаниялар; Moody Service, Standart & Poors агенттіктері және рейтинг мәндері: А+; А-; ВВ+ т.б.

Коммерциялық банктердің халықаралық үлгіге сәйкес капиталдың базасы және банк активтерінің сапасына байланысты жіктеу. Коммерциялық банктердің қызметтерін пруденциалдық реттеудің негізгі принциптері Еуропалық экономикалық Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің орталық банктерінің ортақ келісімі және оның банк капиталының ықшамдалынған, үйлестірілген құрамын, құралымын, мөлшерін анықтаудағы рөлі. Пруденциалдық нормативтердің түрлері және оларды есептеудің әдістері. ҚР-да 2-деңгейдегі коммерциялық банктерді рекапитализациялау, банктердің рейтингісін анықтаудың американдық «СAMEL» жүйесі. Коммерциялық банктерге пруденциалдық нормативтерді бұзғаны үшін ҚХА тарапынан және заңға сәйкес қолданылатын шаралар.

6.2.4. Коммерциялық банктің депозиттік портфельі және депозиттік саясаты. Қазақстанда депозиттерді сақтандыру жүйесі: оның құрылуы мен даму: халықаралық тәжірибе.

Мазмұны.«Депозиттер», «депозиттік операциялар», «депозиттік портфель» туралы түсінік, депозиттік портфельді қалыптастырудың және басқарудың проблемалары. Депозиттік портфель депозиттік операциялардың нақты нәтижесі және оларды ұйымдастырудың негізгі принциптері. Депозиттік операциялар – сырттан қаражат жинаудың негізгі әдісі және пассивтік операциялардың басты бағыты. Депозиттік операциялардың субъектілері мен объектілері. Депозиттердің түрлері және оларға белгіленетін проценттік сатвалар. Депозиттерді мерзіміне, есеп шоттарға және субъектілеріне байланысты топтау. Заңды және жеке тұлғалардың депозиттері, «лоро» есеп шоттары. Депозиттердегі топқа бөлудің шетелдік тәжірибесі. Қазақстандық коммерциялық банктер кеңінен қолданып жүрген депозиттің түрлері. Депозиттік операцияларды тиімді ұйымдастырудағы депозиттік саясаттың рөлі, депозиттік саясат туралы түсінік, оны қалыптастырудың және жүзеге асырудың макро- және микроэкономикалық факторлары. Депозиттік саясат және депозиттік нарық, оның атрибуттары, депозиттік саясаттың мақсаты, депозиттік портфельді диверсификациялау. Депозиттік портфельдің құрамы мен құрылымына ықпал ететін факторлар, депозиттік портфельдің, банктердің депозиттік базасының және тиімді депозиттік саясаттың өзара байланысы.

Депозиттік саясаттың құрамдас бөлігі – сыйақы саясаты, депозиттік проценттік ставкалардың ресми тілде банктер тарапынан «сыйақы» деп аталынуы. Депозиттік проценттік ставкалардың түрлері, есептеу тәсілдері, жай проценттік есептеу, уақыт базасы, Қазақстандағы коммерциялық банктер ұсынып жүрген проценттік ставкалардың деңгейі. Депозиттік портфельдің диверсификациялану дәрежесі, оның депозиттердің түрлерімен тығыз байланысы. Депозиттерді классификациялаудың негізімен қатар мерзімді депозиттің және қажет уақытында талап етілетін депозиттердің ережелері.

6.2.5. Банктік операцияларды қорландырудың депозиттен тыс көздері. Коммерциялық банк міндеттемелері портфельін басқару.

Мазмұны. Коммерциялық банктердің депозитке жатпайтын қаражаттарды тарту мақсаты және ондай қаражаттардың банк өтімділігін қамтамасыз етудегі рөлі. Депозитке жатпайтын ресурстарды іздеуге банктерді итермелейтін экономикалық факторлар: несиеге сұраныс, нарықтық өзгерістер, сырттан қаражаттарды тартумен байланысты операциялық және үстеме шығындардың азая түсуі, бағалы қағаздар нарығының даму дәрежесі. Банктік ресурстардың депозитке жатпайтын көздері және олардың түрлері: банкаралық несие нарығынан алынатын қарыз, ұзақ және қысқа мерзімді борыштық міндеттемелер. Облигациялар, купондық облигациялар эмиссиясы, банк акцептерін сату, өтімділігі жоғары және бірінші класстық эмитенттердің вексельдерін қайта есептеу, репо және кері репо келісімі арқылы қаражат тарту. Коммерциялық бағалы қағаздар эмиссиясы, капиталдық ноталар шығару, еуродоллар нарығынан қарыз алу, синдикаттық заемдар.

Депозитке жатпайтын қаражат көздеріне қатысты Ұлттық банк және фискальдық органдар тарапынан қойылатын тадаптар, коммерциялық банктер үшін депозитке жатпайтын ресурстардың қолайлы жақтары. Қазақстанда облигациялар эмиссиясымен коммерциялық банктер, облигацияларды орналастыру, олардың купондық табысы, облигациялардың түрлері.

Коммерциялық банк қызметтеріндегі банкаралық несиелеудің рөлі. ҚР-ғы банкаралық несие нарығының қалыптасуы және оның ұйымдастырылу формалары мен субъектілері; Орталық клирингтік палата, банкаралық несиенің коммерциялық банктердің қысқы мерзімді өтімділігін реттеудегі маңызы. Банкаралық несие ресурстары бойынша проценттік ставкалардың қалыптасу тәртібі және олардың мөлшеріне Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасының ықпалы.

6.2.6. Банк активтерін қалыптастыру және басқару әдістері: оның сапасы мен құрылымы.

Мазмұны. Активтер және активтік операциялар туралы түсінік, олардың пассивтік операциялардан айырмашылығы. Банктің «активтер портфелі» туралы ұғым және «активтер портфелін» қалыптастырудағы активтік операцияларды тиімді ұйымдастырудың рөлі. Активтік операцияларды ұйымдастырудың принциптері. Коммерциялық банктердің активтері мен банк типтес емес басқа заңды тұлғалардың активтерінің бір-бірімен салымтырғандағы ерекшеліктері. Банк активтерінің сапасы туралы ұғым, оларды сапасына байланысты топтастырудың критерийлері: өтімділігі, табыс әкелу дәрежесі, тәуекелділігі. Активтік операциялардың негізгі бағыттары. Активтік операциялардың түрлері және олардың табыс әкелу салыстырмалы маңызы мен топталуы.

6.2.7. Несиелендіру жүйесінің элементтері және несиелік процесс.

Мазмұны. Банктік несиелеу жүйесі туралы түсінік және оның негізгі элементтері. Банктік несие ресурстарының тиімді, табысты пайдаланумен байланысты банк тарапынан қолданылатын несиелеу әдістері мен несиелеу объектілері. Банк қарызын классификациялау тәртібі: 1. Қарыз алушылар бойынша: Үкіметке берілетін, басқа да банктерге және банк типтес емес қаржылық мекемелерге берілетін несие, өнеркәсіп, ауыл шаруашылық, сауда-саттық, дайындау мекемелері мен жабдықтау, еткізу ұйымдарына берілетін несие, кооперативтер мен жеке кәсіпкерлерге берілетін несие, тұтынк несиелері; 2. Пайдалану мерзіміне байланысты: қысқа мерзімді несие орта мерзімді несие, ұзақ мерзімді несие, мерзімсіз; 3. Несиені пайдалану мақсатына байланысты: негізгі және айналым капиталын жай және ұлғаймалы ұдайы өндіруге жұмсалатын несие, шағын және орта бизнест саласында инвестициялық жобаларды қаржыландыруға жұмсалатын несие; 4. Қамтамасыз ету түрлеріне байланысты: қамтамасыз етілген, сақтандырылған, қамтамасыз етілмеген несие;

6.2.8. Қарыз алушының несиеқабілеттілігін талдаудағы банктік технологиялар

Мазмұны. Потенциалды қарыз алушылардың несиеқабілеттілігін талдау. Несиеқабілеттілік ұғымы. Қарыз алушының несиеқабілеттілігін бағалау мақсаты мен міндеттері. Нақты және нақты емес ақпараттар. Банк картотекасы. Қарыз алушының несиелік тарихы. Несиелік бюро.

6.2.9. Несие қайтарымдылығын қамтамасыз ету формалары.

Мазмұны. Берілген несиені клиенттер тарапынан уақытында қайтарылуын қамтамасыз етудің қаржы көздері: қарызды өтеудің бірінші реттегі көздері, қарызды өтудің екінші реттегі көздері. Банктен алған несие бойынша қарызды мерзімінде қайтарып, проценттік өсім ақыны төлеудің бірінші реттегі қаржы көздері: несие алған клиенттің пайдасы; өтімді активтерін сатудан түскен түсімдер; сапасы жоғары активтер; ақша ағыны. Несиені мерімінде қайтарудың мұндай қаржы көздерін талдау, сараптау және бағалау коммерциялық банктер тарапынан онша кеп уақыт жұмсауды және шағындауды қажет етпейтіндігі. Несие бойынша қарызды өтеудің бірінші реттегі қаржы көздерінің банктер үшін өте қолайлылығы. Ондай қарды көздерін рентабельділігі жоғары, ірі клиенттер ғана ұсына алатындығы. Орта және шағын бизнес саласында кәсіпкерлікпен айналысатын клиенттердің және жеке тұлғалардың несие бойынша қарызды уақытында қайтаруды қамтамасыз етудің екінші реттегі қаржы көздері: кепілді, кепіл болушылық пен кепілдіктерді қолдануы. Несиені уақытында қайтаруды материалдық қамсыздандырудың бұл үш түрін студенттерге жеке-жеке және бір-бірімен салыстыра отырып түсіндірудің қажеттігі.

6.2.10. Банктік пайыз және пайызды есептеу.

Мазмұны. Жай пайыздарды есептеу тәртібі. Күрделі пайыз ставкалары. Сиақыны есептеу тәртібі. Кепілдік қатынастар және несиелік қатынастар, бұларды ұйымдастырудың дербес құқықтық негіздері, кепілдік қатынастар несиелік қатынастардың туынды мазмұны. Кепілдің түрлері, мүліктік кепіл, кепілзат. Кепілді әр түрге топтаудың негіздері: мүліктің сипатына байланысты, кепілді басқару тәсіліне байланысты, заттай кепіл, құқықтық кепіл, т.б. Кепілдің сапасы туралы түсінік және кепілі сараптау, қозғалатын және қозғалмайтын мүліктерді сараптаудың әдістері және сараптауды ұйымдастыру үшін қажетті мәліметтер. Бағалы қағаздарды кепілге алу үшін банктер тарапынан қойылатын талаптар, вексельді кепілге алу, депозиттік сертификаттарды және көлік құжаттарын, тауар құдаттарын кепілеге алу, құқықты кепілге алу. Кепілді бағалаудың әдістері: аналитикалық және

салыстырмалы әдістер, табысты капитализациялау әдісі. Банк пен клиенттер арасындағы кепіл шарты, оның мазмұны және несиелік шартпен байланысы, несиелік шартпен кепіл шартының ара салмағы. Кепіл болушылық, оны қолдану аясы, кепілдік және оның түрлері, банктік кепілдік. Кепілдік басқару мен кепілдік қатынастарды ұйымдастыру үшін коммерциялық банктерде қызмет жүргізетін басқармалар, бөлімдер.

6.2.11. Заңды тұлғаларға несие беруді ұйымдастыру.

Мазмұны. Клиенттерге несие беруді тиімді ұйымдастыру – сапасы жоғары несиелік портфельді қалыптастырудың және банк етімділігін ақжетті деңгейде демеп отырудың бірден-бір алғышарты. Сондықтан банктік тәуекелдердің салдарынан гөрі себептеріне терең талдаулар жасаудың, зерттеулер жүргізудің нәтижелілігі. Несиелік процесс және несиелеу кезеңдері: клиенттің несие сұрап жазған арызына және несиелік құжаттамалардың мазмұнына талдау, несиелік құжаттардың дұрыс дайындалғандығын тексеру, клиенттің несиелік қабілетін талдау, несиелік шарт жасау, клиентке несиені беру. Несиелік құжаттамалар және олардың түрлері, несиені пайдалану мақсаты, кепілге қоятын мүліктің тізімі, клиенттің құрылтайшылар құжаттары, бухгалтерлік және статистикалық есеп беру формалары, бизнес жоспары, т.б.

Банк клиентінің несиелік қабілетін бағалау – несиелік тәуекелді сақтандырудың алғышарты. Қарыз алушының несиелік қабілеті туралы түсінік, несиелік қабілетке анықтама беру. Несиелік қабілет – несиелік қатынастардың пайда болуының негізі. Қарыз алушының қаржылық жағдайына талдау жасау тәртібі. Клиенттің несиелік қабілетін анықтау үшін оның балансының өтімділігіне талдау, барлық айналым активтерін өтімділік дәрежесіне топтау, классқа бөлу.

6.2.12. Тұтыну несиесін ұйымдастыру

Мазмұны. Тура және жанама тұтынушылық банктік несиелеу. Ипотекалық несие принциптері. Несиелеу принциптері, несиені беру және қайта өтеу механизмі. Несиелеу принциптері нарықты экономика жағдайында банктік несиелеу жүйесінің негізгі элементі. Несиенің қайтарымдылығы, мерзімділігі, материалдық қаматамсыз етілуі.

6.2.13. Несиелік портфель және проблемалық несиелерді басқару.

Мазмұны. Несиелік портфель ұғымы. Несиелік портфель және оның түрлері. Несиелік портфель түрлері. Коммерциялық банктің несиелік портфелін басқару. Несиелік портфель құрылымын талдау.

6.2.14. Коммерциялық банктердің қор нарығындағы операциялары.

Мазмұны. Коммерциялық банктердің инвестициялыз портфелі туралы түсінік. Пайыздық табыс. Банктердің бағалы қағаздармен операциялары. Коммерциялық банктердің эмитент делдал ретіндегі операциялары.

6.2.15. Коммерциялық банктің лизинг, факторинг, траст, форфейтинг қызметі

Мазмұны. Коммерциялық банктің лизинг операциялары. Лизинг түрлері. Факторинг. Факторинг мәмілесін ұйымдастыру. Форфейтинг және ұйымдастыру ерекшелігі. Инвестициялық портфель, инвестициялық портфельді диверсификациялау: эмитенттердің қаржылық жағдайы мен сенімділігіне байланысты, бағалы қағаздар әкелетін дивиденттің мөлшеріне байланысты, сұраныс пен ұсыныстың нәтижесінде нарықтық жағдайда қалыптасатын проценттік ставкамен анықталатын бағалы қағаздардың бағасына байланысты, эмитенттердің географиялық мекен-жайына байланысты. Табыс әкелмейтін активтер және олардың маңызы.

6.2.16. Халықаралық банктік операциялар

Мазмұны. Халықаралық несие формалары және олардың сыныпталуы. Валюталық фьючерстер. Ағымдағы валюталық операциялар. Банк активтерінің құрамы және құрылымы, олардың өтімділік дәрежесіне қарай топтастыру, орналыстыру саясаты. Табыс әкелетін және табыс әкелмейтін активтер, олардың арасалмағын үнемі реттеп отыру қажеттілігі. Бірінші реттегі резервтік активтер, екінші реттегі резервтік активтер.

6.2.17. Төлем жүйесін ұйымдастыру

Мазмұны. Қазақстан Республикасында төлем жүйесінің қалыптасуы мен дамуы. ҚР қолма – қолсыз есеп айырысу жүйесі. Банк активтерінің құрамы және құрылымы, олардың өтімділік дәрежесіне қарай топтастыру, орналыстыру саясаты. Табыс әкелетін және табыс әкелмейтін активтер, олардың арасалмағын үнемі реттеп отыру қажеттілігі. Бірінші реттегі резервтік активтер, екінші реттегі резервтік активтер.

6.2.18. Банктік маркетинг: принциптері, әдістері және стратегиясы

Мазмұны. Банк саласында маркетинг XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап қолданыла басталды. Банктер нарықта экономиканың басты қаржылық жеткізушілері. Банктік маркетинг принциптері. Банк өтімділігін басқару.

6.2.19. Банктік тәуекелдер

Мазмұны. Банктік тәуекел ұғымы. Банк тәуекелдерін минимизациялау түрлері. Банк тәуекелдерін басқару жүйесі. Банк тәуекелдерінің ұлғаюына әсер ететін факторлар. Банктің меншік капиталын қалыптастырумен байланысты тәуекелдер. Депозиттік тәуекел және оны алдын алу жолдары. Қаржылық тәуекелдер.

6.2.20. Коммерциялық банк өтімділігі мен төлемқабілеттілігін басқару.

Мазмұны. Банк өтімділігі ұғымы. Банк өтімділігі көрсеткіштері. Өтімділікті басқару процесі. Меншікті капиталдың құрамдас бөліктері. Жарғы капиталы және акционерлік капитал және оны құрау тәртібі мен пайдалану мақсаты. Акционерлік капиталды құрау және оның «акционерлік қоғамдар туралы» ҚР-ң заңына сәйкес қалыптастырылуы, акционерлік капиталдың қаржы инструменттері, банктің жарғы капиталы жіне оны ұйымдық-құқықтың формасына байланысты қалыптастырудың ерекшеліктері. Жай акционерлер мен артықшылығы бар акциялар және олардың банк капиталын құрау және басқару ісіне құрылтайшылар мен мажоритарлердің қатысуын реттеудегі рөлі. Субординацияланған қарыз, оның акциялармен және депозиттермен салыстырғандағы ерекшеліктері, банктің күрделі қарыз міндемелері, олардың банктің капиталын құраудағы орны. Банктің меншікті капиталының жіктелінуі: негізгі және қосымша, иммобилизацияланған және «жұмыс істейтін», «қорғалған» және «қорғалмаған» бөліктері, «брутто» және «нетто» капиталы.

6.2.21. Коммерциялық банк қызметінің қаржылық нәтижелілігін талдау

Мазмұны. Коммерциялық банк балансы. Банк табыстарының көздері. Банктің қаржылық қызметін талдау қажеттілігі мен мазмұны. Банктің меншікті капиталы – банк ресурстарының тұрақты құрамдас бөлігі. Банктің меншікті капиталының құралу көздері және оның банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлі. Банк капиталы 6-шы тақырыпта да қарастыралды, бірақ онда банктің меншікті капиталының мазмұны оның әрбір бөліктерінің банк қызметітерін халықаралық стандартқа сәйкес реттеудегі маңызымен және банктердің капиталдық базасын ұйымдастыру принциптерімен ғана шектелген. Коммерциялық банктердің өзін-өзі микро деңгейде басқару проблемалары. Банктің меншікті капиталын екі деңгейге бөлудің себептері, оның әрбір құрамдас бөліктерінің ерекшеліктері. Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының мөлшері, активтер портфелімен салыстырғандағы сәйкестігі, Ұлттық банктің оларға рекапитализациялаумен байланысты қоятын талаптары.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер

1. Искаков, Ұ.М. Банк ісі : Оқулық. . - Алматы: Экономика, 2019. - 776 б. - ISBN 978-601-225-557-7.
2. Апышева, А.А. Банк ісі. / С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті. - Өскемен: Берел, 2017. - 32 б.
3. Касымбекова, Г.Р Банк ісі : Оқу-әдістемелік құрал. . - Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. - 90 б.
4. Банктік тәуекелдер: теория және мәселелер. Монография./ С. Т. Зиядин және т. б. - Семей, 2019.-225с.

Қосымша әдебиеттер

1. Лаврушин О.И., Валенцева Н.И. Банковское дело: Учебник под ред. О.И. Лаврушина. — 12-е изд., стер. — М. : КНОРУС, 2016. .-225с.
2. Мишура Л.Г. Банковское дело: Учебное пособие. - СПб: Университет ИТМО, 2016 - 61с
3. Банковское дело. Учебник / Под ред. Искакова У.М.- Алматы., 2018.-225с.
4. Хамитов Н.Н. Банковский бизнес. Учебно- практическое пособие.- Алматы., 2018.-225с.
5. Банковское дело (Настольная книга банкира) Учебное пособие /Под ред.Абишева А.А.,Святова С.А.- Алматы., 2017.-225с.